

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИСПОЛЬЗОВАНИЮ СКВОЗНЫХ ТЕМ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ
СОДЕРЖАНИЯ ТИПОВОЙ УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ
ДОШКОЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ**

Астана
2017

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы
базасында әзірленген*

Пікір берушілер:

Жиенбаева Ш.Н., п.ғ.д.
Кулхожаева Э.Б., меңгеруші
Смайыл С.С., әдіскер

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. — Астана, 2017. — бет

Әдістемелік ұсынымдарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білім беру салаларын кіріктіру арқылы іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдануға материал берілді.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға, ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2017 ж. 10 қаңтар №2 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2017

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында алдағы білім беру әрекетіне табысты дайындықтың негізі ретінде бала дамуының мектепке дейінгі кезеңінің мәні ерекше айқындалған.

Осыған байланысты республикада мектепке дейінгі білім беру жүйесін, оның сапалы мазмұнын жаңғырту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Аталған мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірін жүзеге асыруға сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚРҰҚ) (бұдан әрі – Стандарт) бекітілді, осы Стандарт негізінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін Үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі – ҮОЖ), сондай-ақ, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) әзірленді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа тәсілдерді талап етеді.

Өтпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспарлау мектепке дейінгі ұйым педагогтарына балалардың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытында білім беру әрекетін жоспарлы және бірізділікпен жүйелі түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Осы әдістемелік ұсынымдар Стандарт талаптарына сәйкес әзірленді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын білім беру салаларын кіріктіру арқылы тиімді іске асыру.

Міндеттері:

-білім беру процесін жоспарлауда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;

-күні бойы білім беру процесін кіріктіріп, ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді анықтау;

-бірлескен әрекеттің барынша тиімді формаларын енгізу арқылы балабақшаның өміріне және баланың әлеуметтенуіне ата-аналарды тарту.

Білім беру процесіне және режимдік сәттерге «өтпелі» тақырыптарды жүйелі енгізу балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді игеруін қамтамасыз етеді.

**БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫН КІРІКТІРУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ
ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнымен анықталған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін, кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне «өтпелі тақырыптар» арқылы перспективалық жоспарлауды енгізу ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымның алдына қойылған міндет — түрлі білім беру салалары біріктірілетін, күні бойы белгілі бір тақырыпта ересек пен баланың өзара әрекеті тұтастай кіріктірілген процесті әзірлеу.

Мысалы, балабақша педагогтары ересек топта балалардың табиғат, жануарлар және өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, төмендегідей мақсаттарды көздейді:

-балаларды тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу («Әлеумет» білім беру саласы);

-табиғаттың сұлулығымен байланысты эстетикалық сезімдерін ояту («Шығармашылық» білім беру саласы);

-сөйлеуді дамытудың міндеттерін шешу («Коммуникация» білім беру саласы);

-өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру («Таным» білім беру саласы);

-ойын әрекетінде жануарлар мен өсімдіктер туралы білімдерін қимылдарымен көрсете білуге үйрету («Денсаулық» білім беру саласы).

Нәтижесінде балаларда шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін және бір саладан басқасына оңай ауыстырылатын біртұтас әлеуметтік және психологиялық түсініктер қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымда кіріктірудің формалары бірлескен мерекелер, қойылымдар, ойын-сауықтар, саяхаттар, шығармашылық жобалар, сюжеттік-рөлдік ойындар, эксперименттер және т. б. бола алады. Мектепке дейінгі ұйымда осындай процесті ұйымдастырудың ерекшелігі барлық аталған формалар жеке жүргізілмейді, белгілі бір тақырыпты таңдау оларды кіріктіруді ұсынады.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда «өтпелі» тақырыптар арқылы білім беру процесін ұйымдастыру барлық білім беру салаларын, балалар әрекетінің алуан түрлерін бірыңғай кеңістікке кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Демек, педагог өз әрекетін баланың дамуын, оның қызығушылықтарын бақылай отырып жоспарлайды.

Білім беру процесіне аталған жоспарлау тәсілін енгізу педагогтарға:

-балалар әрекетінің мазмұнын жоспарлауда олардың қызығушылықтарына сәйкес шығармашылық тәсілді іске асыруға;

-балаларды дамытуға бағытталып таңдалған технологиялар мен әдістерді, тәсілдерді дербес қолдануға және кәсіби қызметтің рефлексиясын жүзеге асыруға;

-білім беру процесін басқаруға: заманауи технологияларды игеру деңгейін, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді, мәселені көруге және оны «өтпелі» тақырыпқа сәйкес өз ойымен шешуге мүмкіндік береді.

Өтпелі тақырыптарды перспективалық жоспарлау келесі компоненттерді міндетті түрде ескеріп, құрылуы тиіс :

-әлеуметтік-мәдени компонент;

-өңірлік компонент;

-мәдениетаралық компонент (коммуникативтік әрекет саласы, тақырыптар, қарым-қатынас жағдайлары, сөйлеу және тілдік материал);

-коммуникативтік-тілдік білімдер және дағдылар осы білімдерге сүйенеді.

Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып бір айдың ішінде оқытылады:

1.«Балабақша» — балалардың бойында балабақшаға, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

2.«Менің отбасым» — отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы оң өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді.

3.«Дені саудың жаны сау» — баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіруге бағытталған.

4.«Менің Қазақстаным» — балаларда "Мәңгілік Ел" жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді.

5.«Табиғат әлемі» — тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

6.«Бізді қоршаған әлем» — қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді.

7.«Салттар мен фольклор» — Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеуге бағытталған.

8.«Біз еңбекқор баламыз» — қарапайым еңбек дағдыларына, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеуді, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қатынасты; балалардың сөйлеуін, зейінін, қиялын дамытуды; мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

9.«Әрқашан күн сөнбесін» — балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Аталған тақырыптар дербес, ойын әрекеттерінде және ересектің балалармен басқа әрекет түрлерінде барлық білім беру салалары арқылы кіріктіріледі.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН «ӨТПЕЛІ» ТАҚЫРЫПТАР АРҚЫЛЫ ҚҰРУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде өтпелі тақырыптарды қолдану келесі дидактикалық ұстанымдарды ескеріп жүзеге асырылады:

-білім беру процесін кіріктіру тақырыптарды ұйымдастырылған оқу қызметінде және басқа іс-әрекеттер түрлерінде жүйелі түрде кіріктіруді қарастырады. Осы ұстаным балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бір тақырыптың айналасында балалардың түрлі әрекеттерін біріктіру негізінде құрылады. Тақырыптардың түрлері: өнімді іс-әрекет түрлері, табиғаттағы маусымдық өзгерістер, көркем әдебиет және т.б. болуы мүмкін. Кіріктіру тең үйлесімділікпен (ҮОЖ-на сәйкес) ұсынылуы мүмкін білім беру міндеттерін іске асыру арқылы көрініс табады. Оқыту процесін жоспарлауда білім беру салаларын кіріктіру күні бойы іске асырылатыны ескерілуі қажет.

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына қойылатын талаптардың бірлігі әр баланың жас және жеке ерекшеліктеріне, бейімділіктеріне сәйкес қолайлы әлеуметтік жағдайларының дамуын құруды қамтамасыз етеді. Бұл ұстаным оқшаулануды емес, оқыту процесін құрайтындардың барлығын, барлық қатысушыларды — МДҮ, отбасы, жұртшылық, олардың әрекеттерінің бірлігін және сәйкестілігін кешенді қолдануды ұсынады.

-теория мен тәжірибенің байланыстылығы — бұл ұстанымның басты ерекшелігі тәжірибе болып табылады. Бала теориялық білімдерді ғылым үшін емес, еңбек әрекетін жақсарту үшін алатынын түсіну керек. Барлық теориялық білімдері міндетті түрде күнделікті өмірде тәжірибе жүзінде тексеріледі.

-көрнекілігі көру органдарына сүйеніп, оқытудың көрнекілік құралдарының тиімділігін арттыру үшін қолдануды талап етеді. Оқытудағы көрнекіліктің маңызын аша отырып, балаларда бір мезгілде көрнекі-бейнелі ойлауды дамытып қана қоймай, абстрактілі-логикалық ойлауды дамытуды естен шығармаған жөн.

-бірізділік, жүйелілік келесі негізгі міндеттерді қамтиды:

-бағдарламалық материал айналадағы шындықтың тараптары ретінде білімдер жүйесін ұсынады. Бұл жүйе нақты шынайы объектілердің өзара байланысын тану негізінде қалыптасады;

-педагог баланың санасына шынайы қарым-қатынасты, заттар мен құбылыстардың байланысын жеткізу үшін білімдердің алғашқы шыққан қайнар көзін білуі тиіс;

-балалардың бағдарлама материалын игеруі педагогтің түсіндіруіне байланысты. Педагогтің дайындық деңгейі, оның шығармашылығы және шеберлігі балалардың білімді терең және жүйелі игеруін қамтамасыз етеді. Бір мазмұн түрлі жолдармен, әдістермен, құралдармен зерделенуі мүмкін. Педагогтар нақты жағдайлар үшін материалды қисынды түсіндіру жүйесін табуға тиіс;

-материалды зерделеу жүйесі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс;

-білім жүйесі логикалық ойлауды — салыстыру, талдау, синтез, жалпылау, абстракциялауды, ойлаудың дедуктивтік (бірден жалпыға, немесе неғұрлым жалпыланған тұжырымдарға ауысуды) түрлерін дамытуды және т.б. болжауы тиіс;

-оқыту жүйесіндегі әрбір ҰОҚ өнімді болуы тиіс — балалар бағдарламалық материалды түсініп, логикалық операцияларды және т.б. жүзеге асыра білу керек. Оқытудың мақсаты — зейінді, есті, қиялды, сезімдерді дамыту, оқыту процесіндегі қиындықтарды жеңуге ықпал ететін мінез-құлықты тәрбиелеу.

-қол жетімділік ұстанымы педагогтардың оқыту процесін балалардың даму деңгейімен, олардың меңгерген жеке тәжірибесімен, білімімен, біліктері және дағдыларымен сәйкестендіре білулеріне негізделеді. Егер осы байланыстарды орнату мүмкін болмаса, білім қолжетімсіз болып саналады. Осы ұстаным тәрбиелеу-оқыту процесіне келесі талаптарды қояды:

-жаңа мазмұн балаларда бар білімдермен, олардың жеке тәжірибесімен байланыстырылуы тиіс;

-педагог балаларда қалыптасқан және қалыптасатын танымдық психикалық процестердің, ойлаудың түрлері мен операцияларының даму деңгейін білуі тиіс;

-оқытудың қолжетімділігіне ықпал ететін шарт балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру болуы тиіс;

-педагог балаларды жалпы дамыту міндеттерін шешу үшін оқу материалының мәнін түсінуі тиіс.

ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ТИІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА ЖАҒДАЙЛАР

Білім беру процесін өтпелі тақырыптар негізінде ұйымдастыру Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруға бағытталған.

Білім беру процесін тиімді іске асыру жағдайлары:

-әр балаға мүмкіндіктерін және қабілеттерін неғұрлым толықтай ашуға жағдай жасау. Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру келесі ұстанымдарға сәйкес болуы тиіс: ашық және икемді аймақтарға бөлу; жыныстық ерекшеліктерін; баланың мұқтаждықтарына қажеттіліктерін ескеру. Оқу жылы бойы аймақтарды өзгертпейтін қатаң тәртіптен бас тарту керек.

-балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілігі (жағдайлардың, әдістердің, талаптардың мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкестілігі).

-балалардың отбасыларымен ынтымақтастық. Балабақша педагогтары мен ата-аналарды қамтитын қоғамдастықты қолдау және құру бойынша жұмыс, балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасылық, қоғамдық және мемлекеттік дәстүрлерге баулу.

-инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану баланың тұлғасын дамытуға ықпал етеді, балаға зерттеуші ұстанымын игеруге мүмкіндік береді және алған білімдерін өмірде қолдана білуді үйретеді;

-«Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын іске асыру тұрғысында дәстүрлі халық мәдениетінің элементтерін кіріктіру. Оқыту мазмұнын, балалар шығармаларын, сондай-ақ, ойын материалын таңдауда Қазақстан аумағында тұратын халықтардың этникалық құрамы ескеріліп, дәстүрлі халық мәдениетінің элементтері пайдаланылады;

-көркемдік-эстетикалық жалпы жағдай: бұл ұстаным топ бөлмесін безендіруге, эстетика мен дизайнға көңіл бөлуге, эстетикалық, әдемі болуы тиіс ойын материалына жатады.

Ұсынылып отырған екінші кіші топқа әзірленген перспективалық жоспар (2-Қосымша) балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрастырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде өтпелі тақырыптарды іске асыру ұйымдастырылған оқу қызметі арасында байланысты нығайтуға, балалардың дербес әрекеті, қарым-қатынасы, серуен, дене жаттығуларымен шұғылдану үшін уақытты үнемдеуге ықпал етеді.

Аталған жоспарлау әдісін мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу:

- мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесінің тиімділігін арттыруға;

- балаларда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін іске асыруға жағдайлар жасауға;

- оларды айналадағы шындықты белсенді тануға, себеп-салдарлық байланыстарды таба білуге және ынталандыруға;

- логиканы, ойлауды, коммуникативтік қабілеттерді дамытуға;

- балалар мен ересектердің бірлескен шығармашылық әрекетін жақсартуға ықпал етеді.

Іске асыру технологиясы әртүрлі болуы мүмкін, алайда кез-келген жағдайда педагогтың шығармашылық белсенділік танытуы міндетті. Қызықты, шығармашылық жұмыс педагогтың өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі көрсетуге, оның кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге ықпал етеді.

Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарына өтпелі тақырыптарды енгізу Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын тиімді игеруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Білім беру салаларын кіріктіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыру	4
3	Білім беру процесін «өтпелі» тақырыптар арқылы құрудың ұстанымдары	7
4	Өтпелі тақырыптар негізінде білім беру процесін тиімді іске асыруға жағдайлар	9
5	Қорытынды	10
6	Қосымша №1	13
7	Әдебиеттер	43

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесіне
ұсынылатын «өтпелі» тақырыптардың тізімі**

№	Тақырыптар	Апталық тақырыптар
1	Балабақша	1. Менің балабақшам 2. Менің достарым 3. Менің сүйікті ойыншықтарым 4. Жиһаздар
2	Менің отбасым	1. Менің отбасым, ата-аналар еңбегі 2. Менің көшем 3. Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік 4. Алтын күз
3	Дені саудың жаны сау	1. Өзім туралы 2. Дұрыс тамақтану. Дәрумендер 3. Өзіңе және өзгелерге көмектес 4. Біз күштіміз, ептіміз
4	Менің Қазақстаным	1. Тарихқа саяхат 2. Туған өлкем 3. Астана – Отанымыздың жүрегі 4. Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)
5	Табиғат әлемі	1. Айналамыздағы өсімдіктер 2. Жануарлар әлемі 3. Құстар – біздің досымыз 4. Ғажайып қыс
6	Бізді қоршаған әлем	1. Ғажайыптар әлемі (өлі табиғат құбылыстары). 2. Көліктер 3. Электроника әлемі 4. Мамандықтың бәрі жақсы
7	Салттар мен фольклор	1. Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері 2. Ертегілер Елінде. Театр әлемі 3. Өнер көзі халықта 4. Нұр төккен, гүл көктем
8	Біз еңбекқор баламыз	1. Аялайық гүлдерді 2. Ас атасы - нан 3. Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі 4. Еңбек бәрін жеңбек
9	Әрқашан күн сөнбесін!	1. Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы) 2. Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) 3. Көңілді жаз 4. Мен жасай аламын

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Екінші кіші топ

Өтпелі тақырып: Балабақша (Қыркүйек)	1. апта Менің балабақшам	Денсаулық Дене шынықтыру (3сағат)	Коммуникация Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5) Орыс тілі (0,5)	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру (1 с) Жаратылыстану (1с) Құрастыру (0,5)	Шығармашылық Сурет салу (1с) Музыка (1,5с) Мүсіндеу (0,25) Апликация (0,25)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,25) Экология негіздері (0,25)
		<p>Дене шынықтыру 1.Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p> <p>2. Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу.</p> <p>3. Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оқиғаны эмоционалды қабылдауға үйрету.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Көп», «Біреу» ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету. үйрету.</p> <p>Құрастыру Әртүрлі құрылыс материалдарымен таныстыру, әртүстегі бөлшектерден орындықтың құрылысын құрастыруға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету.</p>	<p>Сурет салу Түрлі бағытта түзу сызықтарды олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету, балабақша ауласындағы жолды ондағы гүлзардың суретін салу</p> <p>Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету</p> <p>Мүсіндеу Ермексаз және сазбалшықтың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру</p>

	2. апта Менің достарым	<p>Дене шынықтыру</p> <p>1.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p> <p>2.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.</p> <p>3.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.</p> <p>Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету.</p> <p>Русский язык</p> <p>Научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых предметов быта; правильно ставить ударение в словах при произношении</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру</p> <p>«Көп», «Біреу» ұғымдарын бекіту, заттарды бір қатарға реттілікпен солдан оңға қарай орналастыруды үйрету.</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Сипап сезу және дәмін тату арқылы көкөністер мен жемістерді ажыратып, атай білуге сөйлегенде: шикі, піскен, тұзды және т.б. сөздерді қолдануға үйрету.</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Домалату, ширату, созу тәсілдерін қолдана отырып, көкөністердің бейнелерін жасауға үйрету.</p> <p>Музыка</p> <p>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.</p> <p>Музыка</p> <p>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</p>	
--	-------------------------------	---	---	---	---	--

	3. апта Менің сүйікті ойыншықтарым	<p>Дене шынықтыру 1.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p> <p>2.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.</p> <p>3.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Балаларды геометриялық пішіндер шеңбер және шаршымен таныстыру, олардың пішінін колмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету</p> <p>Құрастыру Кірпіштерді қалау арқылы ойыншықтың құрылысын құрастыруды үйрету</p> <p>Жаратылыстану Көкөністерді, жемістер мен саңырауқұлақтарды жинау туралы түсінік беру, олармен ойыншықтарды коректендіруді үйрету (куыршақты жемістермен, қоянды сәбізбен)</p>	<p>Сурет салу Түзу сызықтарды түрлі бағытта салуды жетілдіру, сүйікті ойыншығының суретін салу.</p> <p>Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытуға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p> <p>Апликация Дайын пішіндерден шкафтың бейнесін жасауға үйрету.</p>	<p>Экология негіздері Өлі және тірі табиғат туралы білімдерін, көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін, бөлме өсімдіктерінің түрлері мен ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру</p>
	4. апта Жиһаздар	<p>Дене шынықтыру 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру.</p> <p>2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p> <p>3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорды заттардың қасиетін білдіретін сөздермен толықтыруға үйрету.</p> <p>Русский язык Обучать правильному произношению гласных звуков, формировать навыки понимания и восприятия названий игрушек, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Ұзындығы бойынша түрлі заттарды салыстыруға, ұзын, қысқа сөздерін қолдануға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыра білуге үйрету (сәбіз, қияр, қызанақ, алма, алмұрт, апельсин), қоршаған табиғатқа қызығушылығын қалыптастыру</p>	<p>Сурет салу Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету</p> <p>Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, әннің сөздерін анық, нақты түсініп орындауға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету</p> <p>Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету</p>	

Өтпелі тақырып: Менің отбасым (Қазан)	1-апта Менің отбасым, ата-аналар еңбегі	<p>Дене шынықтыру 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p> <p>2.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.</p> <p>3.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.</p> <p>Көркем әдебиет Отбасы туралы түсінігін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұрастыру арқылы салыстыруға үйрету.</p> <p>Құрастыру Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру</p> <p>Жаратылыстану Күз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін: аспаннның бұлттануы, жаңбыр, жапырақтардың түсуі, күннің суытуын бақылау</p>	<p>Сурет салу Асфальтка түрлі-түсті борлармен үйдің суретін салуды үйрету</p> <p>Музыка Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p> <p>Мүсіндеу Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Отбасылық суреттерді қарастыруға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін, қазақ және басқа халықтардың тұрмыстық заттарын атауға үйрету</p>
	2-апта Біздің көше	<p>Дене шынықтыру 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.</p> <p>2.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.</p> <p>3.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, зат есімдерді жекеше, көпше қолдануға үйрету.</p> <p>Русский язык Развивать артикуляционный аппарат, называть некоторые предметы ближайшего окружения, учить правильно ставить ударение в словах при произношении.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеу</p> <p>Жаратылыстану Күн туралы түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау, талдау жасай білуге үйрету.</p>	<p>Сурет салу Бірнеше тік сызықтарды салу арқылы асфальтка түрлі-түсті борлармен дуалдың суретін салуды үйрету</p> <p>Музыка Әннің қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p> <p>Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p>	

	<p>3. апта Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік</p> <p>Дене шынықтыру 1.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тактай бойымен жүру. 2.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тактай бойымен жүру.2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. 3.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету</p> <p>Көркем әдебиет Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту</p> <p>Құрастыру Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету</p> <p>Жаратылыстану Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен: немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй жануарларына күтім жасауын бақылау жасау және мысықтың тырнап алуынан, иттің тістеп алуынан сақтануды үйрету</p>	<p>Сурет салу Дайын тамақ пісіретін пештің суретін бояуға үйрету.</p> <p>Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету</p> <p>Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, ересектермен бірге ән салуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету.</p>	<p>Экология негіздері Ауа райының жағдайын анықтай білу, күзгі табиғат құбылыстарын бақылау, табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету</p>
--	---	---	---	--	--

	4. апта Алтын күз	<p>Дене шынықтыру 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. 2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, киімдерді топтастыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын такпақ жаттату.</p> <p>Русский язык Обучать правильно произношению гласных звуков, называть времена года и некоторые явления природы, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету</p> <p>Жаратылыстану Күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегіне бақылау жасау.</p>	<p>Сурет салу Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге саусақпен салу әдісімен сары жапырақтарды орналастыру.</p> <p>Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардың (сылдырмақтың, барабанның) дыбыс шығаруын айыра білуге, айтатын әннің мазмұнына көңіл бөлуге, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p> <p>Апликация Бейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, күздегі ағаштың бейнесін жасауды үйрету</p>	
Өтпелі тақырып: Дені саудың жаны сау (Қараша)	1. апта Өзім туралы	<p>Дене шынықтыру 1.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. 2.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. 3.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Заттарды ені бойынша үстіне қою және жанына қою әдістері арқылы салыстыруға үйрету</p> <p>Құрастыру Әртүрлі пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету</p> <p>Жаратылыстану Үй жануарлары төлдерінің сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, тіршілік әрекетімен таныстыру.</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету.</p> <p>Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әнді ширақ айтуға, жоғары және төменгі дыбысталуды ажыратуға үйрету</p> <p>Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әнді созылыңқы айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Қоршаған ортаны қабылдауға, заттар, ойыншықтар, кітаптар мен ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету, көлік құралдарының түрлерімен таныстыру</p>

	2 апта Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	<p>Дене шынықтыру 1.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. 2.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 3.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық түліктер) сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету.</p> <p>Русский язык Формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых овощей и фруктов, обучение словам, обозначающим признаки предметов по величине, составлять их способом согласования (существительное и прилагательное).</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтауға үйрету.</p> <p>Құрастыру Ұсақ құрылыс материалдарынан қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету</p> <p>Жаратылыстану Табиғат бұрышындағы балықтарға бақылау жасау, олардың сыртқы келбетімен таныстыру, балаларды балықтарға күтім жасау әрекетіне қатыстыру.</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек пішінді салуды жетілдіру, алақанымен алманың суретін салуға үйрету</p> <p>Музыка Балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратуға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.</p> <p>Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету</p>	
	3 апта. Өзіңе және өзгелерге көмектес	<p>Дене шынықтыру 1.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 2.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. 3.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты жоғарыға лақтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануға үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету</p> <p>Құрастыру Ірі құрылыс материалдарынан көп түсті құрылыстарды құрастыруға үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауда сәбилерді шамасы жетерлік іс-әрекетке қатыстыру (ірі жапырақтарды сұрту, гүлдерді суару).</p>	<p>Сурет салу Саусақпен салу әдісімен қоянға сәбіздің суретін салып беру.</p> <p>Музыка Әуені бір-бірінен айрықша шығармаларды ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға, қимылды пьеса бөлімдерінің сипатына сәйкес жүре және жүгіре білуді үйрету.</p> <p>Музыка Әуені бір-бірінен айрықша шығармаларды ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға, ойындарда бір-бірінен айрықша пьесаларды дене қимылдарын алмастыру арқылы дәл көрсете білуге үйрету.</p>	<p>Экология негіздері Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімдерін, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру</p>

4 апта Біз күштіміз, ептіміз	<p>Дене шынықтыру 1. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу. 2. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 3. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, сөз бен сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Русский язык Формировать навык понимания и восприятия названий некоторых животных, отвечать короткими предложениями на простые вопросы; согласовывать словосочетания (существительное и глагол).</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Геометриялық пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрышты ажыратып тануды және атауды бекіту.</p> <p>Құрастыру Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жаратылыстану Жабайы жануарларды танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбандап жүруді) үйрету.</p>	<p>Сурет салу Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету.</p> <p>Музыка Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету.</p> <p>Апликация Ересектердің даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып орналастыруға, тақырыпқа сәйкес спорт құралдарын жапсыруды үйрету.</p>	
-------------------------------------	--	--	---	---	--

<p style="text-align: center;">Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным (Желтоқсан)</p>	<p style="text-align: center;">1. апта Тарихқа саяхат</p>	<p>Дене шынықтыру 1.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. 2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. 3.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға, сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.</p> <p>Көркем әдебиет Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Өзінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету</p> <p>Құрастыру Қағазды бүктеу тәсілін қолданып, қағаз бетін түрлендіруге үйрету.</p> <p>Жаратылыстану Табиғат құбылыстары мен өлі табиғат заттары туралы түсініктерін кеңейту, тау, өзен, көлдер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.</p>	<p>Сурет салу Дайын сандықтың суретін қарапайым ою элементтерімен, штрихтармен безендіруге оларды бояуға үйрету.</p> <p>Музыка Ересектердің орындауындағы әндерді тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, сылдырмақтың дыбысталу динамикасын ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыка Аудио-бейне таспадан ән тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, ойындарда бір-бірінен айрықша пьесаларды дене қимылдарын алмастыру арқылы дәл көрсете білуге үйрету.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру</p>
